



БҮЙЫРЫҚ

ПРИКАЗ

2 қыркүйек 2015 ж. № 282

Жаскайрат ауылы

село Жаскайрат

Бір реттік тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай – ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының 1 – тарауының 1,2,3 тармақшасы және 2 – тарауының, 3 – тармағының, 2 тармақшасын басшылыққа алып **БҮЙЫРАМЫН:**

1.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 5 білім алушыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 24 білім алушыларға, жетім балаларға және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 1 білім алушыларға бір реттік тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2. 1 – 4 бастауыш сыныптардың 173 білім алушыларын бір реттік тамақтандыру ұйымдастырылсын.

3.Білім алушылардың тамақтануын бақылау мектеп директорының әлеуметтік педагогы А.Амантайқызына жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалысын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:



Т.Калиева